

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**Ұлттық тілде оқытылатын мектептерде көптілді оқытудың озық
тәжірибесін тарату бойынша әдістемелік ұсынымдар**

Әдістемелік ұсынымдар

**Методические рекомендации
по распространению передового опыта полиязычного обучения в
национальных школах**

Методические рекомендации

Астана
2013

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2013 жылғы 20 қарашадағы № 5 хаттама).

Рекомендовано к изданию решением Ученого совета Национальной академии образования им. И.Алтынсарина (протокол № 5 от 20 ноября 2013 г.).

Ұлттық тілде оқытылатын мектептерде көптілді оқытудың озық тәжірибесін тарату бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 30 б.

Методические рекомендации по распространению передового опыта полиязычного обучения в национальных школах. Методические рекомендации. – Астана: Национальная академия образования им. И.Алтынсарина, 2013. – 23 с.

Бұл әдістемелік ұсынымдарда қазақстандық мектептерде көптілділікті дамыту жолдары қарастырылған. Ұлттық мектептерде екі тілде қатар пәндерді оқыту ұсынылған: мектептің оқыту тілінде және мемлекеттік тілде. Пән мазмұнын және мемлекеттік тілді меңгерту үшін оқу материалының құрылымын тіл дамытуға ыңғайлы етіп беру қажет.

Мектеп мұғалімдері, әдіскер және педагогикалық ғылымдар аясындағы зерттеушілерге арналған.

В методических рекомендациях рассмотрены пути развития полиязычия в условиях казахстанских национальных школ. Предложено двуязычное преподавание учебных предметов в школах с национальным языком обучения: на языке обучения школы и на государственном языке. Для этого необходимо структурирование учебного материала для комплексного освоения как содержания предмета, так и государственного языка в рамках этого предмета.

Данное издание предназначено для учителей школ, методистов и исследователей в области педагогических наук.

© Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013.

© Национальная академия образования имени И. Алтынсарина, 2013

Кіріспе

Бүгінгі күні Ы.Алтынсарин атындағы білім академиясында көпмәдениетті тұлға үш тілді күнделікті қарым-қатынас пен болашақ мамандығына бейімделген шеңберде меңгерген және кәсіби саладағы әлемдік жетістіктерге ұмтылып, өз еліндегі өнімнің сапасын әлемдік деңгейге көтеруге және одан әрі асыруға үлесін қоса алатын тұлға деп анықталды. Ал олай болса, көптілдік дегеніміз юпмәдениетті тұлға тәрбиелеудің негізгі шарты болып саналады. Көптілдік жеке адамға ғана емес, қазақстандық қоғамға пайда әкелетін фактор деп санауымызқажет. Көптілді кті дамыту барысында патриотты тәрбиені күшейту мәселесі туындайды. Басқа тілдерді үйренумен, басқа мәдениетті білумен қатар, жас ұрпақтың өз елінің құндылықтарын биік ұстауына бүгінгі мектеп пен жоғары оқу орындары жауапты. Тілдердің үштұғырлығы туралы идея 2006 жылғы қазанда Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында ресми түрде мәлімделді. Ол мемлекетіміздің әлемдік қоғамдастыққа енуіндегі өмірлік қажеттіліктерге негізделді. Дамыған әлемдік тілдер ішінде ағылшын тілі ел мен халқының коммуникациялық және интеграциялық қабілеттерін кеңейтетін тіл ретінде таңдалды. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев 2007 жылы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауында «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын кезеңді жүзеге асыруды бастауды ұсынды [1].

«Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдар арналған мемлекеттік бағдарламасының» іске асырылуы үш кезеңге бөлініп отыр [2].

2011-2013 жылдар аралығында (бірінші кезең) тілдерді дамыту мен қолданудың нормативтік-құқықтық және әдіснамалық негізін арттыруға арналған шаралар кешенін өткізу жоспарланған.

2014-2016 жылдарда (екінші кезең) мемлекеттік тілді оқыту мен қолдану технологиялары менәдістерін енгізу практикалық шаралар кешенін жүзеге асыру және тілдердің көптүрлілігін сақтау жұмыстары көзделіп отыр.

2017-2020 жылдар аралығында (үшінші кезең) өзге тілдердің қолданысын сақтаумен қатар, қоғамдық өмірдің барлық салаларында мемлекеттік тілдің қажеттілік деңгейін, оның қолданылу сұранысының сапасы мен меңгерілуін жүйелі мониторинг арқылы нәтижесін шығару белгіленген.

Бағдарлама бойынша, мемлекеттік қазақстандық өзге ұлт азаматтарының 2014 жылы – 20%-ы, 2017 жылы – 80 %-ы, 2020 жылы – 95 % -ы, сонымен қатар, орыс тілін 2020 жылы қазақстандықтардың 90%-ы, ағылшын тілін 2014 жылы – 10%-ы, 2017 жылы - 15%-ы, 2020 жылы -20%-ы меңгеру керек деген мақсат қойылуда. Үш тілді меңгерген халықтың бөлігі 2014 жылы - 10%, 2017 жылы - 12%, 2020 жылы - 15% құрау керек деген міндет қойылып отыр [2].

Қазіргі жаңа педагогика ғылымының алдына қойған мақсаты – жеке тұлғаны дамыту. Оқушыларға ғылыми жетістіктерді құю емес, сол жетістіктер негізінде оларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру. И.Г.Песталоци былай деген: «Конечная цель любого научного предмета заключается в том, чтобы совершенствовать человеческую природу, развивать ее в максимально высокой степени. Не развитие науки, а развитие человеческой природы через науку»

является священной задачей. Поэтому не человеческая природа должна быть приведена в соответствие с научными предметами, а научные предметы с человеческой природой» [3].

Қайшылықтар ретінде саналатын әдістемелік сипаттағы мәселелерді қарастырайық. Қазақ тілі пәндерінің мазмұны қоғамның сыртқы сұранысына сәйкестендірілмей, тіл жүйесінің теориясын берумен, ал сөйлеу, қарым-қатынас жасау материалын тіл жүйесіне тіркеме құрал етіп қолдануы. Осы орайда қазақ тілі пәні мазмұнын әлі де жүйелі түрде ғылыми концепцияға негізделген жолмен анықтау керек екені байқалып отыр.

1 Пәнді көптілді меңгерудің тәжірибесінен

Мектепте тіл пәндерінің сағаттарын тиімді пайдалану мақсатында сөйлеу тақырыптарының бірдей болу негізінде екінші тілдерді кіріктіру маңызды болып табылады. Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру стратегиялық мақсатына сәйкес тілдік құралдардың дұрыс іріктелмеуі де шешілмеген мәселе. Яғни, әлі күнге дейін абстрактілі тілдік үйге сүйенудеміз. Ал функционалды, қарым-қатынас құралы ретінде тілді меңгерту оқу бағдарламасы, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен авторларының құзыретіне байланысты болып отыр.

Әлі де ХІХ ғасырдың 60-70 жылдарында қалыптасқан дәстүр бойынша мұғалім тілді оқытудың соңғы нәтижесін оқушылардың фонетикалық, лексикалық, фразеологиялық, сөзжасам, морфология және синтаксистік деңгейлердегі біліктер жиынтығымен шектейді. Сонда тілдің коммуникативтік қызметі не оқулықта, не мұғалімнің сабақ жоспарында жүйелі көрініс таппайды. Қазақ тілін мемлекеттік, орыс тілін екінші тіл ретінде және шетел тілін оқыту барысында тілдік құралдарды функционалды түрде игерту мәселесін шешуге мүмкіндік беретін тілдік пәндер мазмұнының лингвистикадан тыс, шындық-болмыс компоненттерін ескеруі маңызды. Сонымен қатар, Қазақстан мектептерінде көптілділікті дамытуда тілдерді оқыту сапасын арттыруға мүмкіндік беретін функционалдық тұрғыдан жасалған екі және үш тілді оқу сөздіктерінің рөлі зор. Қазіргі таңда Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында орта білім беру саласындағы лингводидактикалық мәселелерді шешу бойынша жүйелі жұмыс басталды және Қазақстанның оқу ұйымдарында көптілділікті дамытудың ғылыми тұжырымдамасы әзірленуде.

Көптілділікті дамыту мәселесінің туындаған себебі мемлекет дамуымен тікелей байланысты. Осы ұрғыда ең маңызды істің бірі – жалпыға міндетті білім беру стандартын оқушылар мен студенттерге меңгерте отыра, оларды көптілді тұлға ретінде қалыптастыру. Бұл кезде «оқыту технологиясы» ұғымына сүйенеміз. Оның мағынасы: қысқа уақыт ішінде күш-қуат пен құралдарды аз жұмсай отырып, алға қойылған оқыту мақсатына тиімді тәсілдермен жетуді қамтамасыз ететін ғылыми ұйымдастырылған үдеріс. Технология қолданбаса, стандартта берілген сағатты пәннің мазмұнымен қосымша мемлекеттік немесе ағылшын тілді меңгеру мүмкін емес. Не стандарт меңгерілмейді, не екінші тіл жайымен қалады. Бұл мәселенің нақты шешілуі қазақстандық оқу орындарында мынадай қиындықтармен ұштасып отыр:

- қоршаған ортаның әлемдік тілді меңгеруге ықпалының жоқтығы;
- тіл емес пәндер мұғалімдері тілді оқыту әдістемесін білмеуі;
- тілдік емес пәндер мұғалімдерінің мемлекеттік тіл мен/немесе ағылшын тілін білмеуі;
- оқулықтардың екі тілде (қосымша жағдай туғызылғанда үшінші тілде) оқыту жағдайына икемделмегені;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың керекті деңгейде қолданылмауы.

Бүгінгі күнде Ы.Алтынсарин Ұлттық білім академиясында күнтізбелік-тақырыптық жоспарда іске асатын тілдік емес пәндер бойынша бағдарламалық материалды өңдеу механизмі дайындалды; көптілдікті дамыту бойынша білім беру процесі ұйымдастырудың ерекшеліктері сипатталды; тілдік емес пәндерді көптілдік технологиямен оқыту жобаланды; мектепте когнитивтік-коммуникативтік технологиясы байқаудан өткізілді.

Жаңа технологияларды байқаудан өткізу бойынша эксперименттік база құрылды, көптілдікті дамыту мәселесі бойынша жұмыс жасайтын мұғалімдер іріктелді. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар дайындау бойынша эксперимент жүргізуші мұғалімдермен арнайы әдістемелік семинарлар өткізілді.

Дайындалған когнитивті-коммуникативті технологияның (п.ғ.д. Булатбаева К.Н.) мәні:

1) тілдік емес пәндер (физика, биология, география, тарих) мазмұнын өңдеу механизмінде;

2) бағылау және зертханалық жұмыстарды ұйымдастыру талаптары сақталған оқу материалын күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау механизмінде;

3) ірілендірілген тақырып бойынша оқылатын теориялық материалдың когнитивтік құрылымы негізінде функционалды-семантикалық кесте құрастыру механизмінде;

4) бағдарламалық материалды және екінші немесе шетел тілімен бейіндік-бағытты, дәлірек, сабақтардың типологияларын меңгеру бойынша қатар жүргізілетін жұмысты ұйымдастыру бойынша бірізді әрекеттер механизмінде;

5) сабақтың әр типі үшін дайындалған жаттығулар жүйесінде;

6) зерттелетін тақырыптық блок аясында типтік жағд аяттар бойынша диалогтік қарым-қатынас ұйымдастыру әдістемесінде;

7) екінші немесе шетел тілінде монологқа қайтылымның репродуктивті-продуктивті нәтижесін ұйымдастыруда.

Қолданыстағы оқулықтардың құрылымы пән аясында пән мазмұны мен екінші немесе шетел тілін қатар меңгеруге бейімделмеген; табиғи тілдік орта болмаған жағдайда белгілі бір технологиясыз тілдік емес пәндерді шетел тілінде оқытуға деген әрекет теріс нәтиже береді; оқушылар шетел тілін репродуктивті деңгейде байланыссыз меңгереді және бұл орайда материал толық игерілмейді; тілдік емес пәндер оқытушылары мен мұғалімдері тілді оқыту әдістемесінің ерекшеліктерін білмейді және өздігінен көздеген нәтижеге – шетел тілінде белгілі бір тақырып аясында коммуникативті құзыреттілікке қол жеткізе алмайды.

Тілдік емес пәндерді көптілді оқытудың дайындалған технологиялары негізінде физика/биология/әдебиет/химия/тарих және т.б. пәндер бойынша бағдарламалық материалды қатар игеру және бейіндік пән аясында шетел тілін әлемдік виртуалды кеңістікте кәсіби қарым-қатынас құралы ретінде жұмысты ұйымдастыру мүмкіндігі туды.

Оқытудың орта сатысында көптілдікті дамыту үшін тудырылған жағдайдың бірі гимназиялық компонент есебінен ағылшын тілінде қосымша курстар жүргізіледі. Курстардың мазмұнын іріктеуде әр тақырып бойынша оның когнитивті құрылымы, осы тақырып аясындағы әлеуетті тілдік ниеті және

жағдаяттары ескеріліп, оларға қызмет ететін лексикалық және грамматикалық құралдары таңдалынып алынады. Курстардың практикалық маңызы – оқушылар өсімдіктер мен жануарлар әлемі, адам денсаулығы туралы ағылшын тілінде әңгімелеу білігіне ие болады.

Тілдік емес әшдерді оқыту 7 -9 үптілді сыныптарындағы «Қазақстан тарихы», Қазақ әдебиеті» пәндерін қазақ тілінде оқытуда когнитивті-коммуникативті технологияны пайдалану билингвалдыбаныт тиімді қалыптастыруға ықпал етеді.

Білім берудің барлық деңгейлері үшін ағылшын тілін сатылай енгізу шаралары жоспарының жобасы құрастырылды, ол:

– 12 жылдық мектеп үшін жаратылыстану -математикалық цикл пәндері бойынша 3 тілде оқытудың оқу бағдарламаларын дайындаудан;

– ағылшын тілінде мектеп пәндері бойынша лексикалық-грамматикалық минимумды іріктеуден;

– оқу пәндері (математика, информатика, биология, химия, физика, география) бойынша екі- және үш тілді мектеп сөздігін дайындаудан;

– 11 жылдық мектептің 1-4-сыныптары үшін, 12 жылдық мектептің 1-12-сыныптары үшін «Ағылшын тілі» пәні бойынша оқу бағдарламаларын дайындаудан;

– тілдерді меңгеруді жеңілдету мақсатында бастауыш сыныптар үшін «Қазақ тілі», «Орыс тілі» және «Ағылшын тілі» пәндерінен тіл дамыту бойынша тақырыптарды кіріктіруден (біртұтас тақырыптық негіз);

– 5-6-сыныптарда (алдағы уақытта пәндерді оқыту тілінде және ағылшын тілінде оқытуға әзірлеу мақсатында) ағылшын тілін тереңдете оқыту үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер дайындау және басып шығарудан;

– 5-6-сыныптарды информатика және математикадан екі тілде (70% оқыту тілінде, 30% ағылшын тілінде) оқулықтар және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету, себебі информатикадан терминология және үлгілік математикалық амалдар грамматикалық құрылғылардың шектеулі санынан тұратындықтан, оқушылар ағылшын тілінде тез игереді;

– «Музыка» пәнінің мазмұнын ағылшын тілінде меңгеру үшін қажет ОӘК қамтамасыз етуден;

– 7-9-сыныптарда «Математика» және «Информатика» пәндерін ағылшын тілінде оқыту процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуден;

– орыс тілінде қытатын мектептердегі 5 -6 сыныптарда қазақ тілін тереңдете оқытуға арналған оқу-әдістемелік әдебиеттің көлемін арттырудан;

– 7-9-сыныптарда қазақ тілінде «Қазақстан тарихы», «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша сабақ өткізу үшін оқу-әдістемелік құралдар дайындаудан;

– 7-9-сыныптарда «Физика», «Химия», «География», «Биология» әшдері бойынша екі тілде (қыту тілінде және ағылшын тілінде) қатар, ЖМББС қарастырылған оқу жүктемесі аясында меңгерілуін қамтамасыз ететін оқу-әдістемелік құралдар дайындаудан тұрады.

Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Қарапайым деңгей. Жалпы меңгеру. ҚР СТ 1926-2009» [4], «Қазақстан Республикасының

мемлекеттік стандарты. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Орта деңгей. Жалпы меңгеру. ҚР СТ 1929-2009» [5], Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Ортадан жоғары деңг ей. Жалпы меңгеру. ҚР СТ 1925-2009» [6] құжаттарды негізге алып, мемлекеттік тілді ұлттық мектеп жағдайында дамыту жолдарын қарастыру көзделіп отыр. Деңгейлердің мазмұнына сипаттама берейік:

Бастапқы деңгей

А деңгейі қарапайым игеру деңгейі

Тыңдалым: а) үйренушінің өз қызметіне қатысты сұрақтардың мазмұнын түсінуі (аты - жөні, кәсібі, қызметі, жұмыс орны, жұмыс кестесі, бос уақыты тақырыптары бойынша). Сұрақтар 7-8 сөзден тұруы керек; ә) басқа адам туралы ақпараттың мазмұнын түсінуі (аты - жөні, кәсібі, қызметі т.б.).

Оқылым: 50-60 сөз көлеміндегі тұрмыстық және іскери тақырыпқа арналған шағын мәтінді оқу. Бір минутта 20 - 25 сөз оқылуға тиіс.

Айтылым: а) тұрмыстық және іскери тақырыпқа арналған қарапайым сұхбатқа қатысу (өзі, жұмыс орны туралы), әріптестерін қысқаша сипаттау дағдысы; ә) әріптесімен әлеуметтік - мәдени, ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, әріптесімен әлеуметтік - тілдік қарым - қатынас орнату (танысу, шақыру, ұсыныс жасау, келісу, тілек білдіру); б) осы мүдделер үшін коммуникативтік репликаларды, өйлеу этикетінің тілдік нысандарын дұрыс қолдана білу.

Жазылым: Өзі туралы қысқа ақпарат, өмірбаян, өтініш, хабарландыру, шақыру, жазу. Мәтіннің көлемі - 50 - 60 сөз.

A1 - ең төменгі деңгей

A2 - бастапқы деңгей.

I Негізгі деңгей

B деңгейі еркін игеру деңгейі

Тыңдалым: тұрмыс - іскери мазмұндағы шағын мәтінді, қарапайым сұхбаттарды тыңдау арқылы түсіну. Тыңдаған кезде өзіне қажетті ақпаратты қабылдау ептілігінің қалыптасуы. Тыңдауға арналған мәтін 60 - 70 сөзден тұрады.

Оқылым: тұрмыстық және әскери тақырыптағы 100 - 150 тұратын мәтінді оқу. Үйренуші бір минутта 25-40 сөз оқи алатындай болуы.

Айтылым: а) тұрмыстық және іскери тақырыптағы сұхбатқа қатысу (өзінің: жұмыс күні туралы айту, сұхбат тақырыбына қатысты өзінің пікірін білдіру). Сұхбат 10 - 12 сұрақ - жауап құрылымынан тұруға тиіс; ә) әлеуметтік - мәдени, ұлттық ерекшеліктер ескеріле отырып әлеуметтік - тілдік қарым - қатынасты орнату және дамытуға ұмтылу (өзіне қажетті ақпаратты алу үшін сұхбатты дамыту, алынған ақпаратты басқа адамға әңгімелеу; сұхбат тақырыбына өзінің жағымды - жағымсыз қарым - қатынасын білдіру); б) сөйлеу жағдаятының сипатына, әріптесінің ерекшелігіне орай коммуникативті клишені, сөйлеу этикеті нысандарын дұрыс қолдана білуі.

Жазылым: хат, құттықтау хат, бланкі, анкета, жек е іс парағын толтыру. Мәтін көлемі 100 - 120 сөз.

В1 - бастауыш деңгей.

В2 - жалғастырушы деңгей.

Үйренушінің білім деңгейі анықталғаннан кейін бастапқы деңгейдегі оқу материалдары күрделенеді.

Ғалым-әдіскер Ф.Ш.Оразбаева «Тілдік қатынас» атты еңбегінде сөйлеу әрекетінің 5 түрін белгілеп отыр: дәстүрлі 4 түрге - оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым - 5-ші етіп тілдесімдік қатынасты . Сол тілдесім үрсі – функционалдық сауаттылықтың белсенді көрінісі ретінде анықталады. «Тілдесім – сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін қамтитын ерекше құбылыс. Ол – тілдік қатынастың ең маңызды көрсеткіші, оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалымның іс жүзінде қолданылуына мүмкіндік жасайды. Тілдесім арқылы оқу, жазу, тыңдау, сөйлеуге үйрету жүзеге асады, оларға қатысты жұмыстар атқарылады» [7].

Қазіргі ұлттық мектептерде мемлекеттік тілді жетік меңгерудің маңыздылығы оқушыларды жоғары дәрежеде Қазақстан жерінде әлеуметтендіру болып табылады. Осы мектептер түлектерінің жеке басына тән сенімділік күшейтіледі, олардың қоғамдағы орны мемлекеттік тіл арқылы айқындалады.

Ол үшін қазақ тілін жағдаят негізінде оқыту керек.

Мысал ретінде төмендегідей жағдаяттық тапсырманы келтірейік.

«Қазақ тілі» пәні: «Ресми-іскерлік жазбаша сөз» тақырыбы.

Тұтынушының құқығын қорғау қажет болатын жағдайлар өте жиі кездеседі. Тұтынушы өз құқығын білуі және оны қорғай алуы керек, бірақ кейде біз қандай да бір талаптар қою үшін заңды негіздеріміздің бар екенін білмейміз. Өз тұтынушылық құқықтарын қорғау үшін не істеуге болады?

Жағдайдың сипаттамасы

Дүкеннен сатып алынған туфли киіп жүрген кезде киімді және аяқты бояйды. Сол жақ өкшесі бір аптадан соң былғалақтай бастады.

Тапсырмалар:

1. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасы заңын оқып біліңдер. Тұтынушының құқығы бұзылуы туралы шағымның типтік үлгісін жасаңдар. Шағымның мәтін-үлгісін жасаңдар.

2. Берілген жағдайда шағымның қай нұсқасы артығырақ екенін анықтаңдар. Қабылданған шешім негізінде талабы бар шағым жазыңдар: а) сатып алу -сату келісім шартын құзу; б) ұқсас тауарға айырбастау; в) кемшілікт ерін ақысыз жою.

3. Материалдық зиянның өтем ақысы талап етілген сотқа талап арыз жасаңдар. Арызға қандай құжаттар қоса тіркелуі керек? Сотта жауапкерге қандай қосымша талаптар ұсынылуы мүмкін?

4. Мына: а) үкпен әкімшілігі шағымды қабылдамағанда; б) әкімшілік шағымның қаралуын созғанда; в) тауардың кепілдік мерзімі аяқталғанда; г) тұтынушылардың құқықтарын қорғау бойынша, бұзылған құқықтарын қорғау үшін мемлекеттік органдарға немесе сотқа өтініш жасау қажет болған жағдайларда тұтынушының іс-әрекетері алгоритмін өрсететін жаднама жасаңдар.

Мұндай ахуалдық тапсырмаларды шешу шағын – топтармен орындалады, олардың жұмысы барысында мұғалімнің негізгі міндеті оқушыларға консультация беру болып табылады. Тапсырманы орындауудерісінде оқу - танымдық біліктерді, пәндік білім және біліктерді, мемлекеттік тілді меңгеру деңгейі білінеді, оларды қадағалау үшін эксперттік бағалау қағазы пайдаланылады (1-кесте).

1-кесте - Эксперттік бағалау қағазы

Пәндік білімдер (ұғымдар, ережелер)	Пәндік біліктер	Оқу-танымдық біліктер			
		ақпараттық	зияткерлік	ұйымдастырушылық	қатынастық
Ресми-іскерлік стиль	Тілдік құралдарды таңдап алу	Мәтінмен жұмыс істеу	Талдау	Мақсатты жорамалдау	Диалог жүргізу
		Қосымша әдебиетпен жұмыс	Синтез	Жоспарлау	Сұрақтар құрастыру
Құжаттардың түрлері	Деректемелерді орналастыру	Анықтамалық әдебиетпен жұмыс	Қорыту, болжам жасау	Өзін-өзі бақылау	Пікірталасқа қатысу
Біріздендіру	Күрделі синтаксистік құрылымдарды қолдану. Есімшелі және көсемшелі тіркестерді қолдану	Тизистер, жоспар жасау	Жіктеу	Белгілі қарқынмен жұмыс істеу	Жауаптарды рецензиялау
Мақсаттың факторы		Негізгісін атап көрсету	Салыстыру	Өзін-өзі түзету	Әңгіме құру
Тілдік формулалар		Кестелермен жұмыс істеу	Ойша моделдеу	Өзара бақылауды жүзеге асыру	
		Конспект құру	Рефлексия	Рефлексия	Түсіндіру

Сөйтіп, оқу материалы мазмұнын тіршілік әрекеттерінің белгілі бір ахуалымен **әже** мемлекеттік тілді пайдаланумен байланыстыратын құзыреттілік көзқарас негізінде, өз әрекеттері мақсатын анықтау, жоспарлау және сезінуде өзінділікке, адамның маңызды мәселелері мен ағымдағы міндеттерін шешуге пайдалану бағытталған оқушылардың жұмысы ұйымдастырылады.

2 Пәнді көптілді меңгерудің дидактикалық тұрғысы

Оқушылардың екінші/ үшінші тілін жетік сөйлейтіндердің деңгейіне жеткізу үшін пәндік (сондай-ақ этномәдениеттік), лингвистикалық, сөйлемдік, коммуникативтік құзыретін қалыптастыру қажет. Коммуникативтік дағдылар оқушылар әңгіменің мәні туралы ақпаратты білген, тілдік құралдарды емін-еркін қолданғанға, сөйлесу жағдаятына сай, естіген (оқыған) мәліметті түсінетін, сөйлесу жолдарын дұрыс тандап, сөйлесу үрдісіне белсенді араласқан жағдайда олардың көптілділігі жеткілікті немесе дамытылған болып есептеледі. Қалыптасатын құзырет түрлерінен сабақтардың циклді ұйымдастыруының негізін құрайтын ұстанымдар анықталды (Булатбаева К.Н.).

Бұл: семантикалық ұстаным; функционалдық ұстаным; оқытылатын тілдік жүйедегі елдің шындық өмірді көрсетуін есепке алу ұстанымы; коммуникативтің ұстанымы; тілдік құбылыстың жиі қолданылатын ұстанымы.

Семантикалық ұстаным «функционалды-семантикалық өріс», «атаған тілдің түрлі деңгейлер жүйесі (морфологиялық, синтаксистік, сөзжасамдық, лексикалық, сондай-ақ аралас – лексикалық-семантикалық және т.б.) сияқты лингвистикалық түсінікке негізделеді, ол қызметінің ортақ негізіне бір-біріне әсер ететін, белгілі мағыналық категорияда негізделетін». Біздің практикамызда мұндай мағыналық категория ретінде тілдік түрлі деңгейлер құралдарының мінезін анықтайтын сөйлемдік тақырып болып табылады.

Функционалдық ұстанымның қарастыратыны:

оқыту мақсатында тілдің қасиетін, құбылыстарын, деректерін функционалды маңыздылығын есепке ала отырып, коммуникация үрдісінде тілдік бірліктің жүзеге асыру заңдылығын үнемі есепке алуды көрсету;

тілдің түрлі деңгей құралдарымен кез келген мағынасын сөйлесу жолдарын орнату және көрсету.

Ол сөйлесудің түрлі жағдаяттарында тілдік құралдардың қолдану ережелері оқытылатын аспектті сабақтарда жүзеге асырылады. Лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық құралдар берілген тақырып бойынша сөйлесу үрдісіне жүзеге асыру жолдары бойынша оқытылады. Мұндайда кез келген тілдік құралдарының үнемі қайталанып отыруын қамтамасыз етеді, өйткені олар әрбір сөйлемдік тақырыпқа қызмет көрсетеді.

Коммуникативтік ұстаным берілген тілдік тақырып бойынша қарым - қатынастың мүмкін болатын жағдаяттарын есепке алуды болжайды, осы жағдаяттар аясында мүмкін болатын тілдік интенциялардың тізімін анықтайды, түрлі деңгейдегі адресаттарды есепке алады. Әсіресе, қарым-қатынастың диалогтік және полилогтік түрлерін дамыту, қарым -қатынас үдерісінде монологтік тілдесімді дамыту, коммуникативтік білікті дамыту сабақтарында толық жүзеге асырылады.

Осы ұстанымдарға негізделіп ұйымдастырылған сабақтар циклінде үлкен тақырыптық тарау аясында пәндік, тілдік, тілдесімдік, коммуникативтік құзыреттерді кезегімен қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Диалогтік үрде сөйлесуге және диалогтік сөйлеу деңгейін бақылауды үйрету сабағы

1 деңгей- оқушылық:

берілген функционалдық тіректер арқылы (диалогті өыту бірліктері) микродиалог құрастыру.

2 деңгей - алгоритмдік:

берілген функционалдық тіректер арқылы 3-6 қақпа сөз арқылы диалог дайындау.

3 деңгей - эвристикалық:

берілген функционалдық тіректер арқылы 3-10 қақпасөз арқылы диалог дайындау (2-3 қақпасөз) өз бетімен диалогті (функционалды тіректерсіз) жалғастыру.

4 деңгей - шығармашылық:

функционалдық тіректерді қолданбай берілген жағдаят бойынша диалог дайындау.

б) Сөйлесу және бақылау үрдісінде монолог түрінде сөйлесуге үйрету сабағы.

1 деңгей- оқушылық:

Суреттеу немесе хабарлау түріндегі монологтік айтылымның нәтижесі.

2 деңгей - алгоритмдік:

Хабарлау элементтері арқылы суреттеу немесе суреттеу элементтері арқылы хабарлау түріндегі монологтік айтылымның нәтижесі;

Талқылау элементтері арқылы суреттеу немесе хабарлау түріндегі монологтік айтылымның нәтижесі.

3 деңгей - эвристикалық:

Талқылау түріндегі немесе суреттеу немесе хабарлау элементтері арқылы талқылау түріндегі монологтік айтылымның өз бетімен шығарған нәтижесі.

4 деңгей - шығармашылық:

Эссе түрінде монологтік көзқарастың нәтижесі (лирикалық, философиялық, тарихи т.б. жеке адамның немесе топтың көзқарасын білдіру);

монологтік көзқарастың нәтижесі — аудитория алдында сөз сөйлеу.

7) Құзыреттің барлық түрлерінің қалыптасуын бақылау сабағы (сабақ, тоқсан, оқу жылының соңында бақылау жұмыстары арқылы тексеріс жүргізу)

1 деңгей- оқушылық:

Мәтіндегі тыныс белгілері мен өткізілген орфограммаларды қою;

Мәтіндегі белгіленген тілдік құралдың стилистикалық қатынасын анықтау;

Функционалды тірек бойынша стандарттығдақта диалогтік мәтін құрастыру;

Белгігілі бір ұлғаға қатысты өтілген тақырып бойынша суреттеу не хабарлау түрінде монологтік мәтін құрастыру.

2 деңгей - алгоритмдік:

Мәтінге орфографиялық және пунктуациялық талдау жасау; мәтінге стилистикалық талдау жасау;

Бастапқы функционалды тіректер бойынша стандартты жағдаятта диалогтік мәтін құрастыру (кейіннен өз бетімен жалғастыру);

Белгілі бір ұлғаға қатысты суреттеу элементтері бар хабарлы немесе хабарлау элементтері бар суреттеу түрінде монологтік мәтін құрастыру.

3 деңгей - эвристикалық:

Мәтіндегі орфограммалар мен пунктограммдарды біріктіруәтімнің стилистикалық трансформациясы; дәстүрлі емес жағдаятта диалог құрастыру;

белгілі бір ұлғаға қатысты суреттеу немесе хабарлау элементтері арқылы өз ойын пайымдау.

4 деңгей - шығармашылық:

Дәстүрлі емес жағдаятта полилогикалық мәтін құрастыру;

монологтік мәтін құрастыру – эссе немесе ресми/ биресми жағдайда мағынасы бірдей, стилистикалық синонимдес сөйлемдерді қолдану.

Тілдік емес жандер сабақтарында көптілділікті дамыту барысында тілді оқыту әдістемесі пәнді оқыту әдістемесімен кіріктіріледі. Сондағана тілді дамыту үдерісі өзінің нәтижесіне жетеді. Сондықтан жоғарыда көрсетілген диалог және монолог дамыту жаттығулары сабақтардың міндетті компоненті болып саналуы тиіс.

3 Тілдік құзыретті және пән бойынша функционалды сауаттылықты дамыту мазмұны, әдістері және нысандары бойынша ұсынымдар

Оқыту нәтижелерін критериалды бағалау үшін L2 (екінші тіл) пәні мазмұнын құрылымдау

L2-ні оқыту стратегиясы

Жоғары сыныптардың бағдарламалық материалы құрылымы, ұлттық тілдегі мектептер оқушыларының маңызды функционалды біліктерінің қалыптасуы стратегиялық бағыттармен анықталады. Олар үшін L2, баға халықтардың мәдениетін тану, ақпарат алу, әр түрлі қатынас саласында ұлтаралық қатынас құралы міндетін атқарады. Мұндай функционалды маңыздылықта L2 оқытуының қорытындысы орфографиялық, пунктуациялық, лексика-стилистикалық және грамматика-стилистикалық сауаттылық, өйлеу және қатынас жасау білігі болуы тиіс.

Ұлттық мектептерде L2 пәніне оқытудың пәндік мақсаты

Қатынас жасау үдерісінде тиістілік қорын және сөйлеудің грамматикалық құрылымын байыту, ауызша және жазбаша қатынас пен сөз жанры типтік ахуалы негізінде іскерлік өйлеу этикасы нормасын сақтау дағдылары мен сөйлеу мәдениетін сіңіру жолымен L2 жүйесін пайдалануға қабілетті тілдік тұлғаларды қалыптастыру.

Ұлттық мектептерде L2 пәніне оқытудың кіріктірілген (метапәндік) мақсаты

Қатынастың әлеуметтік-мәдени және кәсіптік еңбек саласында тұлғалық, азаматтық, әлеуметтік, басқарушылық, қатынастық, ақпараттық және технологиялық құзыреттерге ие функционалды сауатты тұлғаны қалыптастыру; қатынастың әр саласында L2-ні пайдалана білуін білдіретін қатынастық құзыреттілігін жетілдіру (2-кесте).

2-кесте - Қатынастық құзыреттіліктер

1.	Тілдік құзыреттілік	Бағалау критерийлері
T1	Белсенді қолданылатын терминдік лексиканы меңгеру; тұрақты сөз тіркестерін білу	<ul style="list-style-type: none">- әртүрлі стильдегі мәтіндердің лексикасының ерекшеліктеріне талдау жасау;- тақырыпшалар бойынша түйінді сөздерді мәтіннен теру;- мәтінде байланыс құралы ретінде синонимдерді, антонимдерді, үпкіліпті сөздерді іріктеу;- ғылыми стильдегі мәтіндерде кәсіптік сөздерді және терминдерді табу;- публицистикалық мәтінде қоғамдық-саяси лексиканы белгілеу;- әдеби мәтіндерде бейнелеу-мәнерлеу

		<p>құралдарын табу және олардың қызметін (функциясын) анықтау;</p> <ul style="list-style-type: none"> - мәтіндегі сөздердің тура және ауыспалы мағынасын анықтау; - бейтарап әже әсершіл -айқындаушы сөздерді ажырату; - мәтіндердегі ауыспалы және әсершіл-айқындаушы сөздердің стилистикалық ерекшеліктерін анықтау (табу) - лексикалық-фразеологиялық құралдарды кәсіптік-бағытталған тілде қолданылуы
T2	Бейінді бағдарланған сөйлесу үдерісінде морфемикалық, сөзжасамдық, морфологиялық және синтаксистік құралдарды әдеби тілдің нормасына сай қолдануды үйрету	<ul style="list-style-type: none"> - мәтіндегі сөздердің қандай сөз табына жататынын анықтау; - сөз таптарының әр түрлі стильдегі мәтіндерде қолдану ерекшеліктерін білу және оған талдау жасау; - сөздердің құрамын және сөзжасам тәсілдерін анықтау; - сөзжасам ұясын құрастыру және түбірлес сөздерді сөз таптарына үлестіру
T 3	Синтаксистік құралдарды талдау (сөз тіркесін, жай сөйлемді, салалас және сабақтас құрмалас сөйлемді, шылаусыз сөйлемді)	<ul style="list-style-type: none"> - мәтіннен және сөйлемнен сәйкестендіріліп алынған сөйлемдерге және сөзтіркестерге синтаксистік талдау жасау (жай, жай түрден күрделіге, құрмалас салалас құрмалас сабақтас, шылаусыз)
T4	Мәтін құрылымын талдау	<ul style="list-style-type: none"> - мәтіннің құрылымын талдау; - мәтіннің лексикалық байланыс құралдарын (тәсіл) белгілеу; - мәтіннің грамматикалық байланыс құралдарын белгілеу; - мәтіннің модальдық шеңберін анықтау және оны ауыстыру; - тақырыпшаларды белгілеу негізінде мәтінге жоспар құрастыру; - мәтінге атау беру; - монологтік айтылуды құрастыру мен диалогтік қатынасты ұйымдастырудың ерекшеліктерін меңгеру (игере білу)
T5	Мәтіндердің әр түрлі	<ul style="list-style-type: none"> - мәтіндердің типтеріне салыстырмалы талдау

	функционалдык-мағыналық типтерін талдау (сипаттау, баяндау, пайымдау)	жасау: баяндау, сипаттау, пайымдау; - әртүрлі мәтін типтерінің құрылысын талдау; әртүрлі тип мәтіндегі етістік - баяндауыш формаларын сипаттау; - баяндау және сипаттау мәтіндерін динамика/статика жағынан сипаттау; - сипаттау және баяндау мәтінде кеңістік - уақыттық сипаттама беру; - пайымдау мәтініне қорытынды жасау; - мәтіндердің әртүрлі типтеріне тән лексикалық, грамматикалық бірліктерді табу
Т 6	әр стильдегі мәтіндерді талдау; мәтіннің құрылымдық және стилистикалық жағынан өңделуі	- әртүрлі стильде жазылған мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау; - ресми жадайларындағы қарым - қатынаста қолданылатын тілдік құралдардың стильдік белгілерін анықтау
2.	Сөйлеу құзыреттілігі (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым)	
С1	Оқушылардың екінші тілде ауызша және жазбаша айтылған ойдың мәнін түсіну білігі	- сөйлемнің мазмұны мен формасын кешенді түрде қабылдап түсіну
С 2	Оқушылардың екінші тілде орфоэпиялық және акцентологиялық нормаларды қап оқу білігі	- керекті ақпаратты мәтіннен ала білу
С 3	Оқушылардың екінші тілдің әдеби нормаларына өйкес сөйлей білу, тілдік ойларын құрылымдық және	- орфоэпиялық, грамматикалық-стилистикалық және лексикалық - стилистикалық нормаларына сай ойды бүтін айтылу ретінде шығару; - белгілі функционалдык -мағыналық типтегі монологтік айтылуды құрастыру (баяндау,

	мазмұндық дұрыс құру білігі	сипаттау, пайымдау)
С 4	екінші тілде әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жаза білу білігі	- орфографиялық, пунктуациялық, грамматикалық-стистикалық, лексикалық-стистикалық нормаларға сәйкес жазба түрде ойды жеткізу
3.	Қатысымдық құзыреттілік	
Қ1	Кәсіби бағдарландырылған қатысым және мәдени-әлеуметтік, кәсіби-еңбек аясындағы қызмет жағдаяттарын ескеріп екінші тілде қарым-қатынас жасауда керекті стратегиялық және тактикалық қадамдарды жүзеге асыру білігі	- ресми үрде сұхбаттасудың стратегиялық және тактикалық қадамдарды жүзеге асыру тәсілдерін қолдану; - болашақ мамандық аясындағы ықтимал рөлдерді атқару
Қ2	Екінші тілде өйлесу әдебін сақтау білігі	- әңгімелесушілердің қарым-қатынас типтерін ескере білу; - қазақ тілінде сөйлеу әдебін сақтау; - қарым-қатынаста бейресми/ресми жағдаятты ескеру
Қ3	Мазмұнды диалог жүргізу және полилогта қатысу білігі	- диалог және полилогта белсенді қатысу - диалогты ынталандыру; - әңгімелесушінің ілікпе сөзге еркін жауап қайтару
4.	Этномәдени құзыреттілік	
Э1	Оқушылардың екінші/үшінші тілдің табиғи қолданушыларының	- басқа ұлт (менгеріп жатқан тілдің табиғи қолданушылары) салт-дәстүрлерін өз ұлтының салт-дәстүрлерімен салыстыру

	ұлттық ерекшеліктері туралы қпаратты меңгеруі	
Э2	Елтану ақпапраттарын білу	- меңгеріп жатқан тілдің отаны туралы мәліметтерді білу
5	Функционалдық сауаттылық	
ФС 1	Күнделікті қарым - қатынаста қоршаған адамдармен екінші тілде тілдесе (сөйлесе) білу	- екінші тілдебі формулаларын белсенді қолдану; - екінші тіл арқылы мейірімді қарым-қатынас туғыза білу; - екінші тіл арқылы әлеуметтік топта дау - тартыстарды дұрыс шешу
ФС 2	Іскери құжаттаманы толтыру жағдаяттарында екінші/үшінші тілді қолдана білу	өтініш, сенімхат, қолхат, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян, резюме, анықтама жаза білу
ФС 3	БАҚ-мен ұмыс істеу барысында екінші/үшінші тілді қолдана білу	- газет және журнал мақалаларын тез оқи білу(жылдамдығы минутына 200 сөз және одан жоғары) және оқығанды түсіне білу; - оқығанды мазмұндай білу; - публицистикалық жанрдағы міәтіндерді тудыру (репортаж, мақала, шолу)
ФС 4	Бағдарлама аясындағы көркем әдебиет шығармаларын талқылауда екінші/үшінші тілді қолдана білу	- көркем мәтіндерді тез оқи білу және қабылдау; - көркем шығарманың идеясын анықтай білу; -көркем шығарманың сюжетін мазмұндай білу; -көркем шығарманың кейіпкерлерін сипаттау; - әртүрлі өмірлік жағдайларға көркем образдарды келтіріп ойды жеткізу
ФС 5	Оқу-танымдық үдерісінде ойды білдіру жағдаяттарында екінші/үшінші тілді қолдана білу	- шығарма-эссе, аңдатпа, реферат, баяндама, ғылыми жоба, мақала-шолу; - АИТ қолдану негізінде дайындаған ғылыми ақпаратты слайд арқылы көрсете білу.

Ұлттық тілде оқытатын мектептерде мемлекеттік тілді дамыту үшін қазақ

тілінде пәндерді оқыту арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстанда математика пәнін басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілінде оқытудың нәтижесі осы ұлт өкілдерінің өз білімдерін қазақ тіліндегі жоғары оқу орындарында жажастырып тиісті кәсіби мамандық алу болып табылады. Жоғары оқу орындарына түсу кезінде ұлт айырмашылығын қарамай оқушыларға бірдей талап қойылады. Осыған байланысты ұлттық орта мектептерде математика әнші бойынша мазмұнды да, сонымен қатар мемлекеттік тілді кіріктіріп оқыту мәселесі қатаң қойылу керек. Математика пәні мазмұны бойынша ұлттық мектеп оқушыларының математикалық анализ, тригонометрия, аналитикалық геометрия, комбинаторика, ықтималдық теориясы, статистика және мәліметтерді талдау тараулары бойынша білім деңгейін жетілдіру көзделуі тиіс.

Ұлттық мектептерде математиканы вариативтік жолмен оқытуда ЖОО талаптарын ескеру қажет. Мысалы, кейбір беделді оқу орындарына дайындаған кезде стандартты емес есептерге де көп көңіл аударған жөн.

Математика пәні мұғалімдерінің мақсаты – оқушыларды өздігінен ойлануға үйрету, күрделі есепті шығарту, өзіне деген сенімділігін күшейту және ықыласын арттыру. Мәселенің мән-жайын аңғаруға қарапайым есептерді талқылап және жиі кездесетін есептер шешімін ретімен жазып отыру қажет.

Маңызды жолдың бірі – қазақ тілінде арнайы математикалық терминдерді меңгерту. Жақсы қазақша сөйлей білген оқушы терминологияны дұрыс түсінбесе, есеп шартын да дұрыс түсінбей қойылған талапты орындай алмайды.

Терминдер жалаң түрде емес, сөйлем мен сөз тіркестерімен тез ойда сақталады. Ол үшін тақырып бойынша белсенді грамматикалық құрылымдарды шығарып алу қажет. Мысалы, «Функцияны зерттеу және оның графигін салу» тақырыбын оқығанда, төмендегі ықшамдалған тізімді ұсынамыз (орыс тілдегі конструкциялар орнына ұйғыр/өзбек/тәжік тілдегі құрылымдар пайдаланатын болады).

Тақырып бойынша белсенді грамматикалық құрылымдар:

1) До сих пор мы строили график функции, составляя таблицу. Отмечали точки $(x; y)$ из таблицы и соединяли их плавной линией

